

■ Рухани жаңғыру - өмірдің талабы

ЖАС ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ МЕН ПАТРИОТИЗМНІҢ НЕГІЗІ

«Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы» дейді әл-Фараби. Бүгінгі заманнану заманында жас ұрпақ тәрбиесі - мемлекеттің басты құндылығы, ел болашағының кепілі. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, осылай ұрпақтың тәрбиесі - өте маңызды мәселе. Жас ұрпақ тәрбиесі - рухани жаңғыру мен патриотизмнің негізі деп толық сеніммен айта аламыз, себебі ұлттың рухы жоғары, білімді жастар ғана Маңғілік Елді құра алады.

Тәуелсіз Қазақстанның болашағы - бүгінгі жастардың қолында. Ұлт ретінде сақталып қалу, бәсекеге қабілетті мемлекет болу жолындағы

құндылықтарды қадірлеуге үйретеді. Әрбір жас азамат өзінің ата-бабаларынан қалған дәстүрлерді білуі және оны өмірінде қолдана білуі тиіс.

азамат өз елінің болашағына үлес қосу керек екенін түсінгенде ғана қоғамдағы тұрақтылық сақталады.

Қазақстанның ұлттық мерекелерін және тарихи күндерді атап өту жастарға өз еліміздің өткені мен болашағына деген құрметті қалыптастырады. Әрбір жас азаматқа Ұлы Отан соғысы, Тәуелсіздік күні сияқты және басқа маңызды күндер туралы ақпарат беру арқылы ұлттық бірегейлікті сақтауға болады. Тарихи оқиғаларды, батырларымызды еске алу арқылы жас ұрпақтың өз елінің дамуына қосқан үлесін бағалауға және патриоттық сезімді қалыптастыруға болады.

Жастардың бойында патриоттық қасиеттерді қалыптастыру үшін рухани тәрбие де өте маңызды. Жастар тек ұлттық құндылықтармен шектелмей, білім мен ғылымды, цифрлық технологияларды меңгеріп, әлемдік деңгейде бәсекеге түсе алуы қажет. Жастардың мақсаты айқын, іскер, өз-өзіне сенімді болуына басымдық беріледі.

Жас ұрпаққа саналы тәрбие беру - білім берудің негізгі міндеті. Тәрбие бесіктен басталады. Сондықтан ұлттық құндылықтарды баланың бойына

100 жаңа есім» сияқты жобалар арқылы жастардың тарихи санасын ояту.

Қорытындылай келе, жас ұрпақ - рухани жаңғырудың қозғаушы күші. Рухани бай, ұлттық рухы биік, білімді әрі патриот жастар ғана Қазақстанды бәсекеге қабілетті, қуатты мемлекетке айналдыра алады. Біздің басты мақсатымыз - осы құндылықтарды бойына сіңірген, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу.

Патриоттық тәрбие - бұл тек Отанды қорғау емес,

ұлттық кодты сақтай отырып, жас ұрпақтың санасын заман талабына сай өзгерту. Қазіргі заманғы қоғамды патриоттық тәрбиелеудің негізгі мақсаттары - азаматтардың бойында жоғары патриоттық сананы, өз елі үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру, патриоттық тәрбие жүйесін мақсатты дамыту арқылы Отан мүдделерін қорғау бойынша азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға дайын болуға тәрбиелеу.

Бұл ұғымды жанымен және жүрегімен адамгершілік тұрғыдан ұғыну үшін, патриоттық азаматтық ұстанымды іс жүзінде жүзеге асыру үшін әрбір адамда қазақстандық патриотизм сезімін тәрбиелеу қажет.

Нағыз патриот адам:

- мемлекет өміріндегі өз рөлін түсінеді;
- Отанын жақсы көреді;
- халқына адал;
- Отанымыздың өткені мен бүгінгісін мақтан тұтады,



басты бағдарламалардың бірі - «Рухани жаңғыру». Бұл бағдарламаның өзегі - жас ұрпақтың бойына ұлттық кодты, рухани құндылықтарды сіңіру және отансүйгіштік сезімді қалыптастыру.

Жаңғыру - тек сыртқы келбетті немесе технологияны өзгерту емес, ол - сананы өзгерту. Рухани жаңғырудың негізгі шарты - ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, заман талабына сай даму. Рухани жаңғырған қоғамда патриотизм - мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын басты күшке айналады.

Білім беру саласы патриоттық тәрбиені дамытудағы ең маңызды құралдардың бірі болып табылады. Мектеп пен жоғары оқу орындарында еліміздің тарихы мен мәдениетін оқыту, ұлттық құндылықтарды түсіндіру - бұл патриотизмді қалыптастырудың басты тәсілдері. Жастарға Қазақстанның тарихи тұлғалары, ұлттық батырлар мен ғалымдар туралы мағлұмат беру олардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттырады.

Оқу орындарында ұлттық әдебиет, тіл және мәдениет сабақтары арқылы өз халқының салт-дәстүрлері мен ұлттық ерекшеліктері туралы білім беру керек. Оқушылар мен студенттерді ұлттық мәдениетке қызықтыру үшін әртүрлі мәдени іс-шаралар мен тақырыптық көрмелер ұйымдастырылуы қажет.

Қазақтың дәстүрлері мен мәдениетіне деген құрмет пен сүйіспеншілік жастарға ұлттық

Бұл патриоттық сезімді оятады. Жастарға қазақтың батырлық жырлары, ақындардың шығармалары мен музыкасы арқылы ұлттық рухты нығайтуға болады.

Жастарды қоғамдық өмірге белсене араласуға шақыру да патриоттық тәрбиенің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл үшін түрлі волонтерлік жобалар, қайырымдылық шара-



лары және әлеуметтік жұмыстар ұйымдастырылуы қажет. Жастардың өз қоғамына пайда әкелетін іс-шараларға қатысуы олардың азаматтық борышын сезінуіне көмектеседі. Мысалы, экологиялық жобалар мен ұлттық қорықтарды қорғау шараларына жастарды тарту олардың табиғатқа деген құрметін арттырып, Отанға деген сүйіспеншілікті нығайтады. Әрбір

ерте жастан сіңіру қажет.

Отбасылық тәрбие: Ұлттық құндылықтардың негізі отбасында қаланады.

Білім беру мекемелері: Мектеп пен жоғары оқу орындары жастардың бойында отаншылдық сезімін, адамгершілік қасиеттерді дамытатын орталыққа айналуы тиіс.

Мәдени-танымдық жұмыс: «Туған жер», «Қазақстандағы

сонымен бірге оның дамуына үлес қосу.

«Қазақстандық патриотизм»: Бұл ұғым тәуелсіздікпен бірге туындаған, еліміздегі барлық ұлт өкілдерінің Қазақстанды туған жері деп танып, оның игілігіне еңбек етуін білдіреді.

Отаншылдық сезім: Патриотизм туа біткен қасиет емес, ол тәрбие арқылы қалыптасады. Жас ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті

болашағына қамқорлық жасайды;

- мемлекеттік рәміздер мен халықтың дәстүрлерін біледі және құрметтейді;
- белсенді азаматтық ұстанымымен ерекшеленеді;
- қоғамдық және саяси оқиғаларға, республиканың өміріне қызығушылық танытады;
- Отанды және оның мемлекеттік мүдделерін қорғауға тиіс;

- мемлекеттік тілді, орыс тілін және әлем тілдерінің бірін біледі;

- басқа ұлттар мен діндер өкілдеріне тағаттылық танытып, құрмет көрсетеді;

- жерлестерінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін сезінеді.

Өз елінің патриоты болу - абырой мен қадір-қасиетіне ие кез келген адам үшін әрқашан үлкен құрмет. Бірақ патриоттар туылмайды, олар қалыптасады. Бүгінгі таңда жастарды патриоттық тәрбиелеу патриоттық сананы, оның ішінде мемлекеттік сананы қалыптастыру, сондай-ақ өз Отанына деген адалдық пен жанқиярлық сезімін тәрбиелеу, азаматтық борыш пен негізгі конституциялық міндеттерді орындауға дайындық талаптарына толық жауап бермейді. Қазақстандық патриотизм-ерекше нәрсе.

**Н.М.УТЕНОВ,
Д.А.ЖУНИСБЕКОВА,
«Техникалық мамандықтарға үшін жоғары математика және физика» кафедрасының доценттері.**